

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылдың 1 мамырынан ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін шоттар автоматты түрде ашылады

2021 жылдың 1 мамырынан ерікті жарналар бойынша жеке зейнетақы шоттарын ашуға БЖЗҚ-ға түскен алғашқы ерікті зейнетақы жарнасы (ЕЗЖ) негіз болып табылады.

ЕЗЖ салымшының – жеке тұлғаның өз кірісінен өзінің пайдасына аударған сомасы не салымшының (жеке немесе заңды тұлғаның) алушының пайдасына аударған сомасы болуы мүмкін. Бұл ретте жарналардың мөлшері мен мерзімділігін салымшы өзі айқындайды.

Атап кету керек, жеке тұлға өз кірісінен өзінің пайдасына ЕЗЖ аударған кезде салық заңнамасында төленген ЕЗЖ сомасына салық шегерімдері қарастырылған.

Бұдан бөлек, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық агентінің (жұмыс берушінің) жеке қаражаты есебінен жұмыскердің пайдасына төлеген ЕЗЖ-сы корпоративті табыс салығын төлеу кезінде шегерілімге жатады. Сол уақытта жұмыс берушінің жұмыскердің пайдасына төлеген ЕЗЖ сомалары жұмыскердің кірісіне салық салу кезінде есепке алынбайды.

Осылайша жұмыс беруші өз жұмыскерлерінің пайдасына ЕЗЖ төлей отырып, салық салу кезінде жеңілдіктерге, сондай-ақ, өз қызметкерлерін ынталандыруда қосымша құралға ие болады. Жұмыскер үшін бұл БЖЗҚ-да ЕЗЖ есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтары сомасының өсуі, сәйкесінше, Қордан төленетін зейнетақы төлемдері мөлшерінің көбеюі ретінде оң сипат алады.

Ерікті зейнетақы жарналарын екінші деңгейдегі банкілер (ЕДБ) не «Қазпошта» АҚ бөлімшелері арқылы аударуға болады. Екінші деңгейдегі бірқатар банкілер ЕЗЖ онлайн (мобильді қосымша немесе өзін-өзі қызмет көрсету терминалдары) арқылы аударуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, өз пайдасына ЕЗЖ жарналарын тұрақты аудару үшін жұмыс берушінің атына өтініш жазуға да болады. Соның негізінде жұмыс беруші ЕЗЖ өтініш иесінің не үшінші тұлғаның пайдасына БЖЗҚ-ға тұрақты түрде аударып отырады.

Бұл ретте пайдасына ЕЗЖ аударылып тұратын жеке тұлғаны сәйкестендіру, ЕЗЖ төлеу барысында электрондық форматтағы төлем тапсырмасында көрсетілген жеке деректері (аты-жөні, ЖСН, туған күні) бойынша орындалатын болады. Жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, тұрғылықты мекенжайы, өзге де деректемелері туралы барлық қажетті мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).